



ТЕГІН БЕРІЛЕТІН  
ДӘРІЛЕР  
ҚОЙМАЛАРДА  
ЖАТЫР

2-бет



«ӨЗ ОЙЫМ»  
ЖАБЫЛУЫ ТИІС!

7-бет



ЖУСИПБЕК АЙМАУЫТОВ –  
НЕПРЕВЗОЙДЕННЫЙ МАСТЕР  
ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПРОЗЫ

13-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||

qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

||

№14 (832), 15 сәуір, 2019



## АЛТЫННЫҢ СОМ СЫНЫҒЫ

Ләйла Мұхтарқызы замандастарына, айналасына ұмытылмас бейнесін қалдырды деп ойлаймын: адамдық қасиеті, ғалымдық таланты, аналық тәрбиесі, құрбылық адал достығы – баршасы қызың болса, осындай болсын, жарың, анаң, туысың, жолдас-подругаң болса, осындай-ақ болсын! – деп, ағымыздан жарыла айтатын жан еді.

8-9  
бет

# ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ АШЫҚ ЖӘНЕ ӘДІЛ ӨТСІН!



Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде кезектен тыс президент сайлауы өтетіні туралы хабарлама жасады. Бұл туралы ол республикалық телеарналар арқылы Қазақстан халқына жасаған үндеуінде мәлімдеді. Тоқаев бұл шешімді қабылдамас үшін Елбасы Н. Назарбаевпен, Парламент палаталарының спикерлерімен ақылдасқанын айтты. – Елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз ету үшін, алға басу үшін бізге айқындық қажет. Ішкі-сыртқы саясаттағы тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды сәтті іске асыруымыз керек. Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент тек халықтың қалауымен сайланады, – деді Тоқаев.

2  
бет

## ЖАНЖАЛҒА ҚАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫ

Біздің билікке айтып сөз, ұрып таяқ өтпейді. Бұған халықтың көзі анық жетіп болды. Тұрғындарымыздың әл-ауқатын жақсартуға тиісті, қомақты қаржы бөлінген мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға тікелей міндетті үкімет жұмысы көпшіліктің көңілінен шығып көрген емес. Өйткені, сол маңызды бағдарламалар ешқашан ойдағыдай орындалған жоқ, жыл сайын осы мақсатқа бағытталған бюджет ақшасының айтарлықтай бөлігі игерілмей қалады.

3  
бет



## ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ ҒҰМЫРНАМАСЫ

14  
бет

## НЕТ АЭС В КАЗАХСТАНЕ! НЕОБХОДИМ ЗАКОН О ЗАПРЕТЕ АЭС

Во время официального визита президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Москву 3 апреля президент России Владимир Путин вновь озвучил предложение строить атомную электростанцию (АЭС) в Казахстане. Тем самым глава соседнего государства реанимировал позабытый меморандум о строительстве АЭС, которая по разным причинам не рассматривалась серьезно в Казахстане. То есть, это явно политический проект давления, ход ядерным троянским конем.



10  
бет

# ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ АШЫҚ ЖӘНЕ ӘДІЛ ӨТСІН!

**Қасым-Жомарт Тоқаев** елімізде кезектен тыс президент сайлауы өтетіні туралы хабарлама жасады. Бұл туралы ол республикалық телеарналар арқылы Қазақстан халқына жасаған үндеуінде мәлімдеді.



Тоқаев бұл шешімді қабылдас бұрын Елбасы Н.Назарбаевпен, Парламент палаталарының спикерлерімен ақылдасқанын айтты.

— Елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз ету үшін, алға басу үшін бізге айқындық қажет. Ішкі-сыртқы саясаттағы тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды сәтті іске асыруымыз керек. Қазақстан — демократиялық мемлекет. Президент тек халықтың қалауымен сайланады, — деді Тоқаев.

Қазақстан Президент сайлауы 2019 жылдың маусымның 9-ы күні өтетін болды. Кезектен тыс президенттік сайлауға кандидаттарды ұсыну 2019 жылғы 10-сәуірде басталып, ағымдағы жылдың 28 сәуірінде сағат 18-

00-де аяқталады. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров жария етті. ҚР ОСК Комиссия отырысында ол Қазақстандағы Президент сайлауына 1 мыңнан астам шетелдік бақылаушылар келетінін жеткізді. ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары еліміздегі сайлау туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленгенін айтты. Ал, ҚР Ұлттық экономика министрі

Руслан Даленовтың айтуынша, республикалық бюджетте мерзімінен бұрын өтетін сайлауға қаржы қарастырылмаған. Сондықтан, нақанды өткізу үшін ақша Үкімет резервінен бөлінеді.

Сөйтіп, елімізде ең ірі, ең маңызды саяси науқан басталып кетті. Сайлауға қатысты зиялы қауым өкілдері мен қоғам мүшелері өз ойларын белсенді түрде білдіріп жатыр. Ортақ ой мен қойылар талап біреу ғана — президенттік сайлау ашық және әділ өтсін!

## ИСЛАМ – БЕЙБІТШІЛІК пен ЖАСАМПАЗДЫҚ ДІНІ

**Ислам әрдайым бейбітшілік пен толеранттылықтың, жасампаздық пен үйлесімділіктің діні болып саналады. Бұл туралы бүгін елордада өтіп жатқан «Рухани Жібек жолы. Ислам және жастар: қазіргі заманғы сын-қатерлер» тақырыбындағы ІV халықаралық діни-ғылыми конференцияда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев айтты.**

«Қазақстан мен Өзбекстан, Тәжікстан мен Қырғызстан және Түрікменстан мұсылмандар қауымы көп шоғырланған зайырлы мемлекеттер. Бүгінгі конференцияға Ресей Федерациясы, Қытай, Финляндия мен Моңғолия елдерінің өкілдері де арнайы қатысып отыр», — деп атап өтті Д.Абаев. Осы ретте министр Тәуелсіздік алған жылдардан бері біздің республикамызда Исламның, жалпы діннің ролі айтарлықтай артқанын айт-

ты. «Біздің халықта, сіздердің ел тұрғындары да ықылым заманнан бері Исламның Ханафи масхабын ұстанады. Бұл көне дәстүрлерімізбен тығыз сабақтасып жатқан объективті, рационалды қадамдардың алға қоятын бағыты. Орталық Азияда Ислам әрдайым бейбітшілік пен толеранттылықтың, жасампаздық пен үйлесімділіктің діні болып саналады. Біз үшін осы мұраны көздің қарашығындай сақтау өте маңызды», — деді ол.

## ҚҰРМЕТТІ ҚР ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ ҮМІТКЕР!

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет «Қазақ үні» мемлекеттік тапсырысты абыроймен орындап келе жатқан еліміздегі белгілі басылым.

Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда» біртуар қайраткер Шерхан Мұртаза: «Кімнің кім екенін білген келсе, тек «Қазақ үні» газетін ғана оқып, біле аласындар» десе, «Қазақ әдебиеті» газеті: «Қазақ үні» бір мақаласымен-ақ ұйқыдағы жұртты оятты» деп жазды.

Қазір «Қазақ үні» — бар қазақ үніне айналды.

Оқылымы жағынан қазақ сайттарының ішінде ең алдыңғы орында тұратын, ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы қоры жариялаған «ЕН ҮЗДІК ҚАЗАҚ ТІЛДІ САЙТ» байқауының жеңімпазы www.qazaquni.kz ақпараттық порталымыз қазір еліміздегі ең ықпалды сайтқа айналды.

Елбасы саясатын қолдап, ел мұнын мұндаған «Қазақ үні» газетінің басты мақсаты — мемлекет пен ұлт мүддесін қорғау болып келеді. Ұлт ұранымен уызданған, ұлттық қаны ойнаған қайсар қайраткерлерді, ел үшін еңбек етіп жүрген азаматтарымызды қолдау да — басты назарымызда.

Сол себепті, «Қазақ үні» газеті Сіздердің сайлау алды үгіт-насихат жүргізуге қабілетті де сенімді серіктес бола біледі.

Газетке А3 көлемінде ақпарат орналастыру бағасы 1100000 (бір миллион бір жүз мың) болады.

Әр қазакқа өз бағдарламаңызды жеткізгіңіз келсе, ақпараттық серіктестікке «Қазақ үні» газетін таңдаңыз.

Хабарласу үшін 8 701-750-04-21

## ҚАСКӨЙЛЕР ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ҚАРУ ЖҰМСАДЫ

**Алматыда қаракшыларды ұстамақ болған 2 полиция қызметкерін күдіктілер пышақтап кетті. Тәртіп сақшыларының бірі жансақтау бөлімінде жатыр. Қылмыс жасап, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өміріне қауіп төндіргендерге қатысты тергеу басталып, 2 күдікті қамауда, тағы екеуіне іздеу жарияланды.**

Жеңіл көлігін жалға беріп, пайда табатын алматылықтың кесірінен 2 полицей зардап шекті. Автокөлікті жалға алушы азамат ақысын кешіктірген соң, темір тұлпардың иесі 3 сыбайласымен бірге мәселені өз бетінше шешек болады. Төртеуі көлік жүргізушісіне қала сыртына апарып ұрған және 2 ұялы телефонын тартып алған. 14 мыңның орнына 40 мың теңге талап етіпті. Арнайы операция барысында күдіктілер аға лейтенант Мұхитдинов пен полиция капитаны Қожаевқа пышақ сілтеген. Ауыр жарақаттанған тәртіп сақшыларының біреуі жансақтау бөліміне түсті. Бірі амбулаториялық емге жіберіліп, екіншіне ота жасалды. Қылмыскерлерді құрықтау барысында полицейлерден сытылған 2 күдіктінің аты-жөні белгілі. Іздеу жарияланды. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өміріне қауіп төндіргені үшін күдіктілер бірнеше жаза арқалауы мүмкін. Қазір ұсталғандардың екеуі кінәсін толықтай мойындады.

«Бір үй — бір бірлестік — бір шот». Елімізде пәтер иелері кооперативтері жойылып, орнына мүлік иелерінің бірлестігі құрылуы мүмкін. Осылайша, тұрғын үйді басқарудың жаңа тәсілі енгізілмек.

## МӘЖІЛІС ТҰРҒЫН ҮЙ БАСҚАРУ САЛАСЫН СЫНҒА АЛДЫ

Осындай тың идеяларымен келген министр Роман Склярды депутаттар сұрақтың астына алды. Елімізде едені қырық жамау, қабырғасы құлағалы тұрған тұрғын үйлер өте көп. Енді қарапайым халық баспанасының кем-кетігін түгендеп, жөндеу жұмыстарын өздері жасамақ. Алдымен жаңадан бірлестік құрылады. Немесе қызмет көрсететін компания жалдайды. Ал ол мекеме бұрынғыдай оншақты емес, көпқабатты бір үйге ғана қызмет көрсетуі тиіс.

«Қазақстан Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту орталығында 97 адам бар. Қай мемлекеттік органның да мұндай үлкен штаты жоқ. Ал басқарма төрағасының орынбасарлары Премьер-министрдікінен де

көп. Басшысының жалақысы 1 миллион теңгеге дейін жетсе, қарапайым қызметкер 250 мың теңге шамасында алады» — деген Нұрлан Нығматулин бұл саланың жұмысы сын көтермейтінін баса айтты.

Бүгінде кез-келген көпқабатты үйге қызмет көрсететін ұйым бар. Олар баспанаға жөндеу жүргізіп, іші-сырттын қалыпқа келтіргені үшін ақша алады. Депутаттар қараша халықтың сол қаржысы ұстағанның қолында кетпей ме деп күмән келтірді. Елімізде 70 мыңнан астам көпқабатты үй бар. Демек, екінші деңгейлі банктерде дәл осынша есепшот ашылады. Бұл жерде қаржы ұйымдарының қалай қызмет көрсететіні, қырауар қаржының қауіпсіз сақталуы жайында ақпарат жоқтығы алаңдатынын айтты депутаттар.

## КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАПСЫРЫЛДЫ

Шымкент қаласында Премьер-министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова жергілікті тұрғындармен кездесті.

Шараға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Білім және ғылым министрі Құләш Шәмшидинова, Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева, Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов және Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов қатысты.

Үкімет мүшелері жұртшылыққа Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Nur Otan» партиясының ақпан айындағы съезінде атап өткен табысы төмен азаматтардың, көпбалалы аналардың, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлауқатын арттыру, білім беру, денсаулық сақтау салаларының және өмір сүру сапасын



арттыруға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды түсіндірді.

Шара барысында Гүлшара Әбдіқалықова мемлекеттік бағдарлама аясында бірқатар көпбалалы аналарға пәтер кілтін табыстады.

«Шымкентте мамыр айында әлеуметтік жағдайы төмен 540 отбасыға пәтер беріледі. Оның ішінде көпбалалы аналарға 177 пәтер беруді жоспарлап отырмыз. Бүгін соның 11-не Гүлшара Наушақызы пәтер кілтін табыстады», — деді қала әкімі Ғабидолла Әбдірахымов.

## ТЕГІН БЕРІЛЕТІН ДӘРІЛЕР ҚОЙМАЛАРДА ЖАТЫР

**Ауруханаларда тегін дәрі науқастарға таратылмаған бірқатар деректер анықталып, осы заңбұзушылық үшін 11 өңірде 20-дан аса қылмыстық іс қозғалды.**

Тегін препарат алмадық деген шағымдар көбейген соң Денсаулық сақтау министрлігі аймақтарды тексеруге шығып, орын алған заңсыздықтарға өздері де көз жеткізді. Денсаулық сақтау министрлігі фармация комитетінің төрайымы Людмила Бюрабекованың айтуынша, жергілікті медициналық мекеме басшылары 2016-2017 жылдары жалпы құны 4 миллиард 300 миллион теңгенің тегін дәрісін жұртқа үлестірдік деп алдап келіпті. 70 медицина

мекемесіне тексеру барысында, өтінішті дұрыс толтырмау, дәрілерді дұрыс таратпау, жалған құжат толтыру сынды өрескел қателіктер анықталған.

Науқастарға тегін дәрі-дәрмек берілмегені үшін 20-дан астам қылмыстық іс қозғалды. Тексеріс кезінде науқас препаратты алмаса да, электронды жүйеде дәрі емделушіге жетті деген белгі тұратыны анықталды. Айталық, Шымкент, Түркістан мен Жамбыл облыстарындағы психикалық орталықтарда, Павлодардағы облыстық психоневрологиялық диспансердегілер 2 айдан 11 айға дейін дәрі алмаған. Мониторинг тобы анықтаған барлық деректер қазір Бас прокуратураға жолданды.



## «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТ ТОҚАЕВҚА ЛИБЕРАЛДЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰСТАНҒАНЫ ҮШІН АЛҒЫСЫН БІЛДІРДІ

«Ақ жол» партиясы Президент Тоқаевқа либералды құндылықтарды ұстанғаны үшін өз алғысын білдірді — бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚР Президентінің сайлауы жөніндегі үндеуін талқылау барысында Азат Перуашев мәлімдеді. Талқылау партияның орталық офісінде Орталық Кеңес Төралқасы мен парламенттік фракцияның бірлескен отырысында өтті. Іс-шара партияның аймақтық филиалдарының бейнеконференц-байланыс режиміне қосылуы арқылы жүргізілді.

«Ақжолдықтар» Мемлекет басшысының кезектен тыс президенттік сайлау туралы бастамасын қолдайды.

«Сайлау туралы мәлімдеме белсенді қоғамдық жағдайда көпшіліктің назарына жолданды. Біз, демократиялық партия ретінде, Президент Тоқаевқа либералдық құндылықтарды ұстанғаны үшін өз алғысымызды білдіруге тиіспіз. Оған кезекті сайлауға дейін өз лауазымында қалуға ештеңе де кедергі келтірмеді. Бұл — халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибеге сүйенген әдеттегі дәстүр. Алайда, Президент жалпыхалықтық сайлау жөнінде шешім қабылдады. Сайлау таза, ашық әрі әділ өтетініне сенім білдірді», — деп атап өтті сөйлеген сөзінде Азат Перуашев.

Ол партияның сайлауға қатысуы, президенттік сайлауға кандидаттарды ұсыну жөніндегі шешім тек қана құрылтайда қабылданатынын жеткізді.

«Демократиялық қағидаларды ұстана отырып, құрылтайдың әрбір делегаттары өз үміткерлерін ұсына алады. Дегенмен, соңғы шешімді партия съезі қабылдайды», — деп толықтырып өтті «Ақ жол» жетекшісі.

Осыған байланысты, ұйымдастыру мәселелерін және делегат өкілдерінің нормасын бекіту үшін президиум алдағы сенбі күніне, 13 сәуірге, партияның Орталық Кеңесінің пленумын шақыруды бекітті.

# «АҚЖОЛДЫҚТАР» ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН ИГЕРУДІҢ НАҚТЫ КРИТЕРИЙЛЕРІН БЕКІТУДІ ҰСЫНДЫ

«Ақ жол» парламенттік фракциясы Үкіметке инвестициялық жобаларды құру кезінде ешбір негізсіз жерді тартып алудан бизнесті қорғауды және мұндай жер учаскелерін игерудің нақты критерийлерін бекітуді ұсынды — бұл туралы Мәжілістің өткен отырысында Азат Перуашев мәлімдеді.

«Инвестициялық тартымдылыққа және бизнестің қауіпсіздігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі — жобаны іске асыруға бөлінген жер телімдерін қайтарып алу мәселелерінде мемлекеттік саясаттың ашықтығы мен негізділігі. Бірде-бір инвестициялық жобаны тиісті ғимараттар мен құрылыстарды салусыз жүзеге асыру мүмкін емес. Қиялдағы әсем сарайлар ғана аспанда ілулі бола алады, ал индустрияландыру үшін салынған ғимараттар жер бетінде берік тұру керек», — деп айтылған Үкіметтің атына жолданған депутаттық сауалда.

Кәсіпкерлер шенеуніктердің дау тудыратын және кейде бопсалауға дейін баратын негізсіз шешімдеріне талап-арыздарын білдіріп, шағым түсіруде. Алайда, мұндай мәселе туындағанда, соттар әдеттегідей кәсіпкерлердің барлық қажетті рәсімдерден өтіп, жобаны әзірлеп, сараптауға жұмсаған уақыты мен қаражатына қарамастан, мемлекеттік органдардың талаптарын қолдайды.

Бұл орайда, Азат Перуашев «Ақ жол» фракциясының бұдан бұрын да Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановтың атына өтінішпен жүгініп, мемлекеттің экономикалық дамуы мен кәсіпкерлердің заңды құқығын қорғау мүддесіне негізделген амал-тәсілдерді әзірлеуін сұрағанын жеткізді. Осы мақсатта Жоғарғы сотта арнайы жұмыс тобы құрылып, аталмыш саланы реттеудегі елеулі олқылықтарды анықтаған болатын.

Сонымен, Жер кодексінде егер уча-



ске игерілмеген болса немесе тиісті мақсатта пайдаланылмаса жер телімін мәжбүрлі түрде алып қоюды көздейді. Алайда, игеруге қойылатын критерийлер анықталмаған. Бұл шенеуніктерге жер учаскелерін өз қалауы бойынша тартып алуға мүмкіндік беріп, оны кәсіпкерлерге қарсы теріс пайдалануға жағдай жасап отыр.

Депутат бүгінде шағын және орта бизнес жер телімдерін игеру кезінде кедергілерге жиі тап болатынын мәлімдеді. Мәселен, инженерлік тораптың болмауы, мемлекеттік органдардың рұқсаттама құжаттамаларын кешіктіруі. Ал, онсыз жобалық сараптаманың қорытындысын алу және құрылысқа кірісу мүмкін емес.

Әріден соң, шағын және орта бизнес үшін коммуникацияларды өз есебінен жүргізу — оны шығынға ұшыратады. Ал, шенеуніктердің қарама-қарсы әрекеттерін форс-мажорға теңеуге болады. Өйткені, бұл, шын мәнінде, кәсіпкерлер үшін бейне бір «бой бермейтін күшке» айналды.

Оған дәлел боларлық мысалдар жетіп артылады. Мемлекеттік органдар бірде бас жоспарды, бірде құрылысты тұрғызатын ауданның егжей-тегжейлі жоспарлауына өзгерістер енгізіп, тіпті коммуникация жүргізудің мерзімін кейінге шегереді. Осы уақыт аралығында

кәсіпкерге берілген жерді игеру мерзімі де аяқталады. Әзірленіп, төлемі жасалған құжаттарға қарамастан, соттар жер учаскесін тартып алады. Осылайша, инвестициялық жаңа бастамалардың болашағына балта шабады.

«Экономиканың драйвері дәл осы шағын және орта бизнес емес пе еді?! Жаңа технологияларды енгізетін де, азаматтарды жаппай жұмыспен қамтуға жол ашатын сектор да осы еді. Дегенмен, шенеуніктер заңды сылтау етіп жанданып келе жатқан бизнестен жерді тартып алып, кәсіпкерлік бастаманың дамуына тосқауыл қояды. «Ақ жол» партиясының поштасына келіп түскен мұндай мысалдар жетерлік», — деп атап өтті Азат Перуашев.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы құрылыс маусымының басталуын ескере отырып, Үкіметке жер телімдерін игерудің бірыңғай критерийлерін әзірлеуді, сондай-ақ, инженерлік желілерді қосу және басқа да объективті жағдайларды ескере отырып, шағын және орта бизнес үшін жер учаскелерін игеру мерзімін есептеп шығаруды ұсынды.

«Ақ жол» ҚДП және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны іске асыру және бизнес мүддесін қорғау бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

## ДЕПУТАТТАР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ҚАЛА ТҮТІНІНЕН ҚОРҒАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» депутаттары қазақстандықтарды қала түтінінен қорғауды және оны кәсіпорындарға салынатын экологиялық міндетті төлемнің есебінен жүргізуді талап етті — бұл туралы депутат Кеңес Әбсәтиров Мәжілістің пленарлық отырысында мәлімдеді.

«Тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздіктің үш Тұжырымдамасы қабылданды. Алайда, бұған қарамастан, қазақстандықтар атмосфералық ауаға зиянды заттарды шығарудың құрбаны болып келеді. Бүгінгі таңда, Алматы, Екібастұз, Петропавл, Ақсай және Шу сынды бес қала жоғары ластану деңгейіде. Сондай-ақ, Атырау, Өскемен, Балқаш, Теміртау, Қарағанды, Жезқазған, Ақтау, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе сияқты тоғыз қала ластанудың өте жоғары деңгейіне жеткен.

Бірақ, атмосфералық ауаны бақылау қызметі зиянды заттарды шығарудың шекті рұқсат етілген концентрациядан асып кеткені жөнінде хабардар етуге тіпті асықпайды. Ал, біздің елімізде шекті рұқсат етілген концентрация нормалары халықаралық стандарттардан артта қалған. Мәселен, майда ыдыранды шаң-тозаңның Қазақстанда қабылданған орташа күнделікті шекті нормасы 0,35 мг / м<sup>3</sup> құрайды. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау

ұйымы бекіткен 0,25 мг / м<sup>3</sup> мөлшері шегінен асып түседі. Халықаралық стандарттарға сүйенсек, қарапайым жылу электростансалары ғана бар Қазақстанның барлық қалалары экологиялық ластанған қалалардың тізіміне енгізілер еді.

«Ақ жол» депутаттарының пікірінше, мұндай жағдайға тап болудың бірден-бір себебі — Экологиялық кодексте табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаны қорғау шараларын жүргізуін ынталандыру нормаларының болмауы. Кәсіпорындар үшін кей кездері заманауи тазалау құрылғыларын орнатқаннан гөрі, зиянды қалдықты шектен тыс шығарғаны үшін айыппұл төлеу тиімдірек болып отыр.

Екінші бір жағынан алып қарасаңыз, кәсіпорындардың көкейінде тұрған сұрақ — жыл сайын өсіп жатқан экологиялық төлемдер қайда кетіп жатыр?

«Атмосфералық шығарындыларды азайту және кәсіпорындардың қымбат технологиялық шешімдерін қолдануға көмектесу үшін бұл төлемдерді мақсатты пайдаланатын уақыт келіп жетті», — деп есептейді «ақжолдықтар».

Ауа ластануымен күресудің әлемдік тәжірибесі қалада шығарындыларды азайтудың көптеген шешімдерін көрсетіп берді: консервативті жасыл көшеттердің аудан-

нын арттыру, инновациялық — «ауа дәлізін» құру. Осы арқылы ластанған ауа қаладан шығарылады.

Алайда, қалалардағы түтінмен күресудің негізгі жолы қалдық шығарудың стационарлық көздеріне қатаң талаптар қою (Қазақстанда олардың үлесіне шамамен 2 млн. тонна-дан келеді). Бұл, бірінші кезекте, жылу энергетикалық кәсіпорындарға қатысты.

Мәжілісмен Абсәтиров атап өткендей, өнеркәсіптегі және қоршаған ортадағы ахуалы бізге ұқсас Ресейдің Красноярскіде қолға алған энергетикалық нысандарды жаңғырту үдерісі үлгі бола алады. Мұнда ЖЭО-1-ге тазалау деңгейі 99%-ды құрайтын электрсузгілерін орнату жоспарланып отыр. Бұл зауыттан шығарылатын зиянды қалдықтардың концентрациясын 3-5 есеге азайтуға мүмкіндік береді. Ал ЖЭО-2-ге отынды жағып бітіру әдісін енгізу зиянды шығарындыларды 50% -ға дейін азайтады.

Осы орайда, «Ақ жол» фракциясы талап етеді:

1) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес ауаны ластанушы заттарға қойылған шекті рұқсат етілген концентрация нормативтерін енгізуді;

2) Жаңа Экологиялық кодексте қоршаған ортаны қорғау бойынша инновациялық әдістерді қолданатын табиғатты пайдалану-



шылар үшін экономикалық тұрғыдан ынталандыру шараларын қарастыруды талап етеді.

Бұдан басқа, депутаттар министрден ауаны ластаушы заттар шығарындыларын азайту және қоршаған ортаға зиянды заттар шығарғаны үшін алынатын төлемдерді пайдаланудың ағымдағы тәртібі туралы ақпарат беруін сұрады.

«Ақ жол» ҚДП және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру және сайлаушылардың талап-тілектерін орындау бойынша жұмыстарды жалғастыруда.



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы:

## КҮННІҢ ЖАРҚЫРАП ТҰРҒАН КЕЗІНДЕ ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІ САЙЛАП АЛҒАНЫМЫЗ ДҰРЫС

Қазақстан Жазушылар одағында еліміздегі кезектен тыс Президент сайлауына қатысты қаламгерлердің кеңейтілген жиыны өтті, — деп хабарлайды baq.kz.

Алқалы жиынды Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет өзінің алғысөзімен ашып, алдағы уақытта өтетін Президент сайлауының маңыздылығына тоқталып өтті.

«Кеше ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үндеу жариялады. Онда биылғы 9 маусым күні бүкілхалықтық Президент сайлауы өтетінін мәлімдеді. Елдің ішіндегі тұрақтылықты сақтау үшін және ішкі, сыртқы саясаттың ары қарай үйлесімді дамуы үшін бұл сайлау қажет екені белгілі. Ертең күніміз не болады деп жүрмей, айдың ама-

нында, күннің жарқырап тұрған кезінде Президентімізді сайлап алғанымыз дұрыс қой деп ойлаймын», — деді ол.

Белгілі ақын, жазушылар да президент сайлауына қатысты өз пікірлерін білдірді.

«Сайлау болады деп жатыр. Сайлау — бірліктің нышаны. Сайлаудың болғаны дұрыс, менің қарсылығым жоқ. Назарбаев елді 30 жыл басқарды. Ол Назарбаев басқарған дәуір деп солай дөңгеленіп өз бетінше қалу керек. Қазақ әдебиетін зерттегенде де сол Назарбаев дәуірі деп қараған дұрыс. Қазір ел басқарып отырған Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттікке түседі деген ойдамын. Егер сайлауға түсіп жатса, оған еш қарсылығым жоқ», — дейді жазушы Қабдеш Жұмаділов.

Жазушы Марал Ысқабаев да ел басқаратын адамды көп соз-

бай белгілеп алғанымыз жөн деген пікірін жеткізді.

«Қалай болғанда да сайлаудың тездетіп өткені дұрыс. Ел басқаратын адамды белгілеп алғанымыз жөн. Өйткені, айна-ламызда көз алартып отырған сұғанақтар көп. Олдарда текке отырған жоқ, аяғы не болады екен деп аңдып отыр. Егер қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қайта сайланатын болса, ол әдебиетке, мәдениетке дұрыс қарайды деп есептеймін. Сондай-ақ, Иманғали Тасмағанбетов те таза қазаки жігіт. Оның Мәскеуде отырып тілге қатысты айтқан сөздері оның азаматтығын көрсетіп отырады. Негізі, ел басқаруға лайықты адамдар бар болу керек, біз тек танылып қалған адамдар арасында ғана айтып отырмыз. Бастысы — халыққа жұмыс істейтін азамат келсе екен деген тілегіміз бар», — дейді жазушы.



Бақытбек СМАҒҰЛ,  
«QAZAQSTAN ARDAGERLERI» Қауымдастығының  
төрағасы, Мәжіліс депутаты:

## ЫРЫСТЫ ЕСЕЛЕП, МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ БЕКЕМДЕЙТІН ҚАДАМ

Мемлекет басшысының биылғы 9-маусымда ел Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы шешімі қолдауға лайық. Бұған бірнеше себеп бар.

Біріншіден, Қазақстан дүниежүзіндегі ең озық дамыған отыз мемлекеттің біріне айналуға ден қойғаны мәлім. Ол үшін еліміз әлемдегі қарқынды өзгерген жағдайларға жылдам әрі ұтымды бейімделе білгені жөн. Демек, бұл қадам сайлау секілді мемлекеттік маңызды істі келер жылға дейін созбалана келе, әлемдегі ахуалдың одан әрі күрделенуін күтпей, алдын ала қимылдауға бағытталуда. Әйтпесе, тегеуріні төтен, тепкісі қатты заманда электоралды кезеңнің көпке ұзауы мемлекеттің дамуын тежеуі, көшін кері кетіруі ықтимал.

Екіншіден, бұл билік транзитін аяқтау, мемлекет тағдырын, ел тізгінін Қазақстан халқы сайлаған

Президентке табыстау үшін керек.

Осының арқасында мемлекет өз ішіндегі қоғамдық пікірді тыныштандырып қана қоймай, өзіне сұқ көзін қадаған, суық сөзін арнаған сыртқы күштерді де сабасына түсіреді, олардың елдегі билік ауысуын пайдаланып, қара ниеттерін жүзеге асыруына жол бермейді.

Үшіншіден, бұл ел экономикасына мол қаржы салған шетелдік инвесторларды аландырушылықтан арылту үшін де қажет: олар елдің тізгіні тұрақты Президентте болуын қалайды.

Қазіргі кезде алмағайып әлем аласапыранға түсуде. Көптеген елдер саяси, әлеуметтік, экономикалық қиыншылықтар мен қайшылықтар қыспағында қалуда. Ал Қазақстан жаһандандуды бұл теріс құбылыстарына қарсы қарымды қайрат көрсетіп, тегеурінді тоспа құрып, олардың мемлекетке және өз азаматтарына

нұқсан келтіруіне жол бермеуде. Оның орнына Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» жаңа әлеуметтік бастамалары арқасында мемлекетіміз халыққа қуатты қолдау көрсетуде. Бұл тек ауқатты, әлеуетті елдердің қолынан ғана келеді.

Еліміздің Ата заңында: «Қазақстан Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышан-символы әрі кепілі» деп жазылған. Ендеше, бұл маңызды іске барша Қазақстан халқы да жауапкершілікпен қарап, белгіленген күні өз ықтиярын білдіреріне сенімдімін.

Осы арқылы қазақ елі көшіміздің түзу, ынтымағымыздың берік, бағдарымыздың айқын, келешегіміздің жарқын екенін тағы бір айғақтай түседі.

Ғарифолла ЕСІМ, ғалым, профессор:

## ХАЛЫҚ ӨЗ ПРЕЗИДЕНТІН ТАҢДАП АЛУЫ ҚАЖЕТ

— Мен кезектен тыс Президенттік сайлау өтетіні туралы хабарды қуанышпен қабылдадым. Себебі, әлемдегі тұрақсыздық жағдайында бізге ішкі айқындылық керек. Халық өз Президентін дауыс беріп, таңдап алуы қажет. Оның ерте ме, кеш пе өтетіні белгілі ғой. Ал, Қазақстанның жаңа Президенті кім болуы керек десеңіз, мен қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты атар едім. Ол әлемге танымал тұлға. Саясаттың әр сатысынан өткен адам. Сабырлы, ұстамды, білімді кісі. Ең бастысы — қазақ халқының тынысын сезінетін тұлға, — деді Ғарифолла Есім.



Азат ПЕРУАШЕВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

## САЙЛАУҒА ТҮСЕТІН ҮМІТКЕРЛЕРГЕ КЕДЕРГІ ЖАСАЛМАУЫ КЕРЕК

Мәжіліс депутаттары Қазақстанда кезектен тыс Президент сайлауының қалай өтетініне қатысты пікір білдірді, — деп хабарлайды Sputnik Қазақстан.

Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының жетекшісі Азат Перуашевтің айтуынша, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырда партия жетекшілерімен өткен кездесуінде оған өтініш білдірген.

«Ең бастысы — сайлауға түсетін үміткерлерге кедергі жасалмауы қажет. Мемлекет басшысымызға сайлауды адал, ашық, мөлдір өткізу туралы өтінішімізді айттық, талап деп те айтуға болатын шығар», — деді ол.

Сонымен қатар депутат осыған дейінгі сайлаулар кезінде кемшіліктерді байқағанын айтты.

«Парламент сайлауын мысалға келтірейін. «Ақ жол» партиясы Парламент сайлауына қатысқан кезде бір жағдайды байқадым. «Ақ жол» партиясының атынан сайлауға түскен кейбір үміткерлерді салық декларациясына сәйкес 20 теңге, 40 теңге, 250 теңге төлемегені үшін сайлаудан алып тастаған кездер болды», — деді Перуашев.

Айтуынша, «Ақ жол» партиясынан кезектен тыс Президент сайлауына кім қатысатыны осы айдың аяғында өтетін съезде белгілі болады.

Ал Мәжіліс төрағасының орынбасары Гүлмира Исимбаева елімізде осыған дейін өткен Президент сайлауларының әділ және ашық өткенін атап өтті.

«Менің ойымша, осы уақытқа дейін өткен Президент сайлаулары ашық және жариялы түрде өтті. Өйткені, сайлауда бақылаушылар жұмыс істеді. Сондай-ақ, Қазақстанда өткен сайлауға шетелдік мемлекеттер мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымынан 1 мыңнан аса бақылаушы келді. Бұл — сайлаудың ашық өтетінінің кепілі», — деді мәжіліс төрағасының орынбасары.

Қазақстан коммунистік халық партиясы орталық комитетінің хатшысы, депутат Жамбыл Ахметбеков сайлаудың ашық өтуіне мүдделі болуымыз тиіс дейді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Үндеуінде: «Президент сайлауы ашық және жариялы түрде өтеді. Мен оны бақылаймын» деп мәлім етті. Билік тарапы сайлауға кедергі жасама-са болды. Қалғанын Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы өзі шешеді. Сайлау халық үшін қажет. Өтірік жазылған цифр ешкімге қажет емес. Егер біз өз ауруымызды жасыра беретін болсақ, ертен дамымаған мемлекет болып шығамыз», — деді ол.

Айтуынша, «Коммунистер» партиясынан сайлауға түскісі келетін 4-5 кандидат бар. «Мұны облыс орталықтары мен аудандарда талқылап жатырмыз. 26-сәуірде өтетін партия съезінде Президенттік сайлауға түскісі келетін кандидаттарды делегаттар ішінен таңдап аламыз», — деп түйіндеді сөзін Жамбыл Ахметбеков.



Сәтбаев қаласындағы Достық Үйінде академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына -120 жыл толуына арналған «ЖЫР БОЛЫП ӨРІЛГЕН, ӘН БОЛЫП ТӨГІЛГЕН - ҚАНЫШ!» тақырыбымен әдеби-музыкалы кеш болып өтті. Кешті «Шындық» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

## «ЖЫР БОЛЫП ӨРІЛГЕН, ӘН БОЛЫП ТӨГІЛГЕН - ҚАНЫШ!»

Зал ішін көңілді музыка әуені тербеп тұр. Экраннан Қаныш Сәтбаевтың өмірінен сыр шертетін суреттер рет-ретімен көрсетілуде. Кеш қонақтарының жарқын жүздері олардың мерекелік көңіл-күйлерінен хабар бергендей.

Кешті «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастанов қысқаша сөз сөйлеп ашты. Ол Баянауылдың баурайындағы сәуірдің самалы желпіген жусанды даладағы Имантай бидің шаңырағында осыдан 120 жыл бұрын өмірге келген, есімі азан шақырылып, «Ғабдулғани» деп қойылған сол баланың кейін ұлтымыздың ұлы перзентіне, әлемдік тұлғаға, ақыл-ойдың алыбы, қазақтың әлем мойындаған ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа айналғанын атап өтті.

Бұдан соң кешке жиналғандарды Сәтбаев қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қанат Төлеш құттықтады.

— Біз өте бақытты жандармыз. Өйткені, біз әлемдік деңгейдегі ұлы ғалым Қаныш Имантайұлының құрметіне қойылған, әлемдегі бірден-бір жалғыз қала — Сәтбаев қаласында тұрамыз! Мұны зор мақтаныш тұту аздық етеді, біз Қаныш бабамыздың рухына сай болып өсуге ұмтылуымыз керек. Бұл үшін ұлы тұлғаны тани түсуіміз керек — деген Қ.Төлеш қаладағы мәдени-көпшілік жұмыстарға белсене араласқаны үшін «Шындық» қоғамдық бірлестігіне қала әкімі Асқар Ыдырысовтың Алғыс хатын табыстады.

Еңбек ардагері, қаланың Құрметті азаматы, ҚР еңбегі сіңген энергетик Яхия Асатов бала кезінде Қаныш Имантайұлының қолына су құйған сәттерін, ол кісінің зерттеу жүргізудегі өзгешеліктерін қызықты етіп әңгімелеп берді.

— Менің кішкентай кезім ғой, Қанекен жайлауда отыратын әкеміздің үйіне жиі келетін. Кейде ол кісі басымды жуып алайыншы дейді, сондайда, бойым жетпейтін болғасын, аяғымның астына ағаш шабатын жаңғырықты қойып алатын едім, — деген Яхия Жакыпбекұлы атылған құстардың жұтқыншақтарында тұрып қалған шөптерді ақтарып отырып, Қанекен сол құс мекендеген маңайда қандай кен болуы мүмкіндігін болжап отыратынын да айтты. Бұл шынында да, Қаныш ағаның зерттеу тәсілдерінің тек жер қойнауын бұрғылаумен шектеліп қалмағанын айғақтайтын қызықты дерек еді.

Арақты ана Алтыншаш Жалмағамбетова Қанекеннің көзін көрген санаулы жандардың бірі. Ол қазір Жезқазған қаласында тұрады. Кешке арнайы шақырылған ол өз естелігімен бөлісті.

— Мен ол кісіні екі мәрте, 1956 жылы және 1962 жылы көрдім. Алғашында Жезді өзенінің бойында үш киіз үй тігіп ғалым ағаны отбасымен, достарымен бірге қонақ еткен болатынбыз. Сол жолы Қаныш ағаның зайыбы Таиса Алексеевнаның қасында отырып түскен суретім, үйдегі альбомда сақтаулы тұр.

Екінші рет, Жезқазған поселкесіндегі Кеншілер Мәдениет үйінде ол кісімен кездесу өтті. Айы-күннің жетіп отырғанына қарамастан бардым. Өйткені, сондай үлкен адам келіп жатқанда, оның бір ауыз сөзін естіп қалмасақ бола ма? Кездесу өте тамаша өтті. Ол кісі ақырын сөйлейді

екен, жұрттың ықыласында шек болмады. Кездесуден соң, үйге келгесін толғағым басталып, таң алдында дүниеге ұл әкелдім. Отағасы Иманбай Жалмағамбетов «Қанекен келіп жатқанда туған ұлдың есімін сол кісіге ұқсасын деген ырыммен «Қаныш» деп қойды — деген Алтыншаш апа қасына ертіп келген ұлы Қанышты да көпшілікке таныстыра кетті. Қаныш тойының шашуы және кездесу кешінің естелігі ретінде Алтыншаш апаға «Шырайлы шаһар — Сәтбаев!» фотоальбомы тарту етілді.

Осы күндері Қ.Сәтбаевтың мерейтойы еліміздің барлық өңірінде атап өтіліп жатыр. Соның бірі — Жамбыл облысы Меркі ауданы Қ.Сәтбаев атындағы мектепте жасалған «Қаныш Сәтбаев қазақтың ғұлама ғалымы» деп аталатын стендке ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Мұса Тілеуовтің Қанекене арналған «Ең кішкене қазақ» деп аталатын өлеңінің бір шумағы жазылып қойылыпты. Кеш барысында бұл туралы хабарланғанда жиналған қауым ризашылықпен қол соқты. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұса Тілеуов те құттықтау сөз сөйлеп, өлең оқыды. Ол өзінің «Арқаның ару көктемі» деп аталатын кітабын кештің құрметті қонағы Алтыншаш апаға қолтаңба жазып, сыйлады.

Қаладағы №16 мектептің мұғалімі Құрманғали Тәшетов композитор М.Түсіпбековтің «Қаныштың қаласында» әнін домбырамен орындаса, жас бишілер тобы «Әлхисса» биімен кештің көркін аша түсті. №16 мектептің мұғалімі, ақын Дәуренбек Бұлғанбаев кешке өзінің шәкірті Гүлжан Мұхитты ерте келіпті. Олардың екеуінің де Қаныш ата рухына бағыштаған өлеңдері көптің көңілінен шықты.

Кеш жүргізушісі бұдан соң көпшілікті Қанекеннің туған өлкесі Баянауылға экран арқылы саяхаттауға шақырды. Сөйтіп, экраннан ғалымның Баянауылдағы орнатылған ескерткішінің, мұражайындағы жәдігерлердің суреттері көрсетіліп, тиісті түсініктер берілді.

Қаныш Имантайұлына қатысты кез келген жаңа дерек, мәліметтің табылуы — үлкен олжа екені айтпаса да түсінікті. Кешке жиналған қауым ғалым өмірінің соңғы сәттерінен сыр шертетін, С.Сарғасқаеваның мемлекеттік архивке кейінгі жылдары тапсырған суреттерін экраннан тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Кеш соңы Нұрлан Керімбеков пен Мәуия Бекмағамбетованың «Сәтбаев вальсімен» аяқталды.

— Осындағы аға, апаларымыз Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көзін көргенін мақтаныш етсе, мен ұлы адамның есімін иеленген қаланың Гимні іспетті осы әнді 15 жылдан бері айтып келе жатқанымды мақтан тұтамын — деген №16 мектептің мұғалімасы, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, Ү.Алтынсарин атындағы медаль иегері Айгүл Күлшікенова аталған әнді нақышына келтіре орындағанда, жиналғандар бірге қосылып, шырқағаны тіпті, керемет болды. Көпшілік ұлы Қаныш Сәтбаевқа деген өздерінің ыстық ықыластарын осылайша танытты.

Кешке қатысушылар соңынан естелік суретке түсті.

**Абдолла ДАСТАНОВ**  
Арнайы «Қазақ үні» үшін

### ■ МӘСЕЛЕ



## «ӨЗ ОЙЫМ» ЖАБЫЛУЫ ТЫС!

### Арман СҚАБЫЛУЛЫ:

Көпшіліктің, көрерменнің, әріптестердің пікіріне пысықмайтыныңды білемін, Ләйлә Сұлтанқызы! Бірақ, Қазақстан Республикасы БАҚ туралы заңының 13-бабына сәйкес «...телерадиобағдарламаларда порнографиялық және арнайы сексуалды-эротикалық тақырыпты» насихаттағаныңыз үшін бағдарламаңыз жабылып, құрылтайшыларыңыз жауапқа тартылатынын неге білмейсіз? Ал, Қылмыстық Кодекстің 309 бабына сәйкес «жеңетайлық» жасағаны үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айырады. Сіз шынымен керемет журналист болсаңыз, эфирде сол сексуалды-эротикалық тақырыпты қозғап, абыройын сататын қызды жарнамалаған кезде осыны ойлауыңыз керек еді. Бұл мәселеге Ақпарат және Қоғамдық келісім министрлігі жауап береді деп үміттенемін.

### Дана НҰРЖІГІТ:

«Мен «пәктігімді саудаға саламын» деген тақырыпта бағдарлама жасап, кейіпкерге ақша төлеп, хабар жасадым» десем... Құдай қарттық беріп жатса, болашақта баламның бетіне қарай алмас едім. Нәжісті лоқсымай, жымын қойып, езіп отырып, абыройды рейтингтен төмен қою үшін ет өліп кету керек!

### Асхат САДЫРБАЙ:

Осы уақытқа дейін алдыңғы буын ғой, әріптес қой, өзім ТВ саласында жүріп әріптестердің кемшілігін айтқаным дұрыс болмас, солидарность сақтайық деп келдім. Бүгін «Өз ойым» бағдарламасында өзінің және құрбысының пәктігін саудаға салып бизнес жасап жүрген бикештің әңгімесін тыңдап, көріп шок болдым. Айналайындар-ау, бұл не маскара? Осы уақытқа дейін бұл бағдарламада қаншама арыс нәрселер ашық насихатталып келді, қоя ма десек жоқ, керісінше күшейіп барады ғой. Редакцияда бағдарламаны дайындап жатқанда бұл кейіпкерлердің әңгімесі жұртқа не береді, жастардың санасына қалай әсер етеді деп ойлайтын маман жоқ па сонда? Әде рейтинг жинаудың ең арзан тәсілі ме? Сол рейтинг сіздерге қанша теңге табыс әкеледі, айтыңыздаршы? Бір қауым ел боп ақша жинап берейік, сіздер бұл бағдарламаны көрсетпей-ақ қойыңыздар.

### Нұрболхан ШАРАПОВ:

Ұлттық идеологияны құртатын осындай бағдарламаларды эфирден алу керек. Қанша дегенмен, демократия болса да, Біз қазақпыз намысын таптатпаған Ұлы елдің ұрпағымыз. Қазақ халқы ау бастан қызға қырық үйден тиым деген. Қыз елдің айнасы деп ерекше көңіл бөлген. Қыздың абыройы қашан да жоғары тұрған. Сондықтан, біз абыройын сататын адамдарды емес, абыройын қорғайтын адамдарды тәрбиелеу керекпіз. Бәлкім сіз бұл бағдарламаны білмейтінде шығарсыз. Білмесейіз сізге көруге кеңес беремін. Абыройын сату деген не сұмдық? Соны жариялау кімге керек? Ертен осыны көрген қаншама жасөспірім мынау жақсы дүние екен деп сондай қадамға баруы бек мүмкін ғой. Өзіңіз айтыңызшы, қоғамның дамуы үшін осы бізге керек па? Бұған бөлген ақшаға тәрбиелік мәні бар бағдарлама түсірсе, сол пайдалы емес па еді? Өз ойым деп ойына келгенін жасап, аузына келгенін айта берсе, бұдан ұлтқа не пайда?

### Бағлан ӘБДІРАЙЫМОВ:

Өз ойымға ӨЗ ОЙЫМ... Ләйлә ханым да, анау арын 2 млн. теңгеге сатқысы келген қарындас та кінәлі емес! Кінәлі — үйде отырған әкесі, ағасы, інісі, яғни, біз «еркек тоқтылар» КІНӘЛІМІЗ! Әйел басқара алмайтын жағдайға жеттік. Сұлтанан деп жүргенімізбен, ондай емеспіз. Сөзіміз өтпейді. Майдаланып біттік, қысқасы. Эфирде осындай бағдарлама басқарып, жүргізіп жүрген басымылықтағы еркек кінәлі. Өйткені, оны үйінде әйелі басқарады. Өз басым, шешендердің қыздарын немесе дағестандық арулармен жүріп, тұғызып тастап кеткен, құлақтан теуіп кеткен ҚАЗАҚ жігітті көрмеймін. Неге? Өйткені, еркегі мықты. Жол бермейді. Айғырдың өзі үйіне еге. Біз кіміз? Ал, неге бізде бәрі болады. Еркектер қайда? Олар өз қарындастарына қиянат жасап әлек болуда. Саунада жүр немесе Саин, Сейфуллин көшелерінде нәпсінің жетегінде жүр. Егер де, әрбіріміз өз отбасымызға ие болсақ, өзгенің аруларын да өзіміздей көріп, сыйласақ, мұндай халге бармас едік! Өз қарындасымызға мықтымыз деп ойлаймыз, біреудің қарындасының арымен ойнаймыз, сол сәтте үшінші біреу Сіздің де үйдегі қарлығаштың айылдарын ашып кетуде. Ойланайық. Ащы шындық!

Рәбиға СЫЗДЫҚОВА,  
ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,  
филология ғылымының докторы,  
профессор

### ТАҢҒАЖАЙЫП ҚАСИЕТ ИЕСІ

1950-1970 жылдарда жұмысқа кеш келу, ерте кету дегендер болмайтын. Түскі тамаққа да дәл сағат бірде шығып, екіде қайтып оралатынбыз. Міне, сол сәттерде жүзі жылы жас әйелді жиі көріп, оның сүйкімді сырт тұлғасына, қарапайым, бірақ үйлесімді киім киісіне, мәдениетті, ибалы түрде амандасқанына қарап, қатты сүйсініп, «бұл кім екен?» деп ойлай бастадым. Бірақ «айт жоқ, құрайт жоқ» жабыса кетіп, таныса салу оның да, менің де мінезімде жоқ болса керек. Дегенмен, адам, ұлы Абай айтқандай, әр нәрсені «білмекке құмарлыққа» бой алдырады ғой. Күндердің күнінде, біраз уақыт өткен соң, өзіммен бір бөлмеде отыратын (ғажабы, бұл күнде үлкен ғимараттың бір қабатын түгел алып, 14-15 кабинетке әрең сыйып жұмыс істеп келген тіл мамандарының ұжымы сол тұста үлкен бір ғана бөлмеде отыратынбыз), қызметтес әйелдердің көшеге бірге шыққан біреуінен әлгі көріп жүрген жанның кім екенін сұрадым. Сөйтсем, ол – ұлы Мұханның – Мұхтар Әуезовтің Ләйла атты қызы екен, ол да Мәскеу университетін бітіріп келіп, Академиямыздың Тарих институтында мен сияқты кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп жүр екен. Мұны білгенде бұл жас әйелге одан сайын сүйіне түстім. «Құдай-ау, ұлы адамның баласы да осыншама қарапайым (орысша айтсақ, «скромная») болады екен-ау! Машинаға мінбей (әкесінің машинасын пайдаланбай, не ақша төлеп жалдап дегендей) үйіне біз сияқты жаяу барып (не трамвайға мініп), жаяу қайтады екен-ау!» деп таңырқадым және «мен пәленшенің қызымын» дегенді көзге ұрып көрсететін бір де бір қылығы байқалмайтыны маған ғажап болып көрінді. Оның орнында біз болсақ, тірі жанды көзге ілмей, әке данқынан ісініп-кебініп, өз терімізге өзіміз әрең сыйып жүрер ек. «Не деген тәрбие, не деген ішкі-сыртқы мәдениеттілік!» деп қызыға түстім. Бірақ соның өзінде де бас салып таныса қоюға мені де «далалық аристократтығым», интеллигенттік тәрбием еркін жіберсе қоймады. Дегенмен, сөз жоқ, реті түсті... Ләйла Мұхтарқызымен танысуыма апарған жолдың өзі – бір хикая.

1956-1957 жылдары Республикалық академиямыздың Тіл-әдебиет, Тарих институттарында Ломоносов атындағы Мәскеу университетін бітірген тіл мамандары Болат Сүлейменова, Нәдия Қарашева (атақты Ғұмар Қарашевтың немересі), Раиса Дауылбаева (Өрекенова) сияқты жастар және С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыған Евгения Васильевна Лизунова терізді болашақ ғалымдар жұмыс істеді. Лингвист әріптестермен бір кабинетте отырып, бірге кіріп-шығып, тынымсыз өтіп жатқан ұзын-сонар жиналыстарда бірге отырып дегендей тез танысып, табысып кеттік. Әсіресе, Нәдия Қарашевамен жақындасып кетуіме, орысша айтқанда ең жақын подруга болуымызға себепші Норвег композиторы



# АЛТЫННЫҢ

Эдвард Григ болды: сол жылдары (1956-1957) «Огонек» журналында композитор өмірінің кішкентай эпизодын суреттеген ғажап бір әдемі әңгіме жарияланған-ды, соны оқып, көркем туындыға мән болғанымыз айтып отырғанда, сол әңгімені Нәдия да оқығандығын, оның да бұдан ғаламат бір әсер алғанын айтты, екеуіміздің көркем дүниеге деген «вкусымыз» бірдей шыққаны бізді бір-бірімізге тез жақындатып жіберді. Ал Нәдия дәл осындай себептермен әдебиетші Евгения Лизуновамен жақын табысып кеткен екен, менің Женьямен (Евгения Васильевнамен) жақсы дос болып, өле-өлгенше сыйласып өтуіме Нәдия себепкер болды. Ал Евгения Васильевна мен Ләйла Мұхтаровна да сыйлас, сырлас «подругалар» екен. Демек, Женья арқылы Ләйланы тани түстім.

Біздерді табыстырған тек достастық, замандастық, қызметтестік емес, айналаға, мәдени, әдеби дүниеге деген таным-түйсігіміздің жақындығы, рухани жақындығымыз еді.

Ләйла Мұхтарқызы «подругамның подругасы» болып қана емес, өзінің бүкіл адамдық болмысымен («личность» ретінде), терең, табиғи мәдениеттілігімен, жақсы білімдарлығымен, ұян, сабырлы мінезімен, тіпті, тапқыр, орынды юморымен өзіне тартты, шынайы сыйлатты, адалынан сүйіндірді. Бұдан қырық жылдан астам бұрын басталған жақындық Евгения Васильевна мен Ләйла Мұхтаровна өмірден қатар озғанға шейін үзілмеді, жылдан-жылға беки берді.

Тек бұл үш-төртеуіміз ғана емес, сол кезден (1950 жылдардың соңынан бері) Академияның институттарында ұзақ жылдар қызмет істеген Болат Сүлейменова, Оразгүл Нұрмағамбетова, Ба-

лым Ақмұқанова, Қанапия Неталиева, Сәбира Тойшыбаева, Райса Өрекенова сияқты замандастар-құрдастар бір-біріміздің үйлерімізде болып, әр алуан «құтты болсын!»-дарды бірге айтысып, жастық шағымыз бен есейген жылдарымыздың шуақты күндерін бірге өткізіп жүрдік, ғылымдағы болсын, отбасыдағы болсын, жаңалық-өзгерістерімізге қуаныстық, кітаптарымызды әсем тілектер жазып сыйласып тұрдық.

Мұндай басқосуларда Ләйла орысша қарапайым тілмен айтқанда «заходила», қазақша айтсақ, көп харекеттің «мұрындығы» болып жүретін. Әр алуан мерейтойларда сол тойлардың иесі өзіміздің «қыздардың» (қатар үзбей аралас-құралас жүрген он шақты әйел көбіміз кексе тартып, әже болғанымызға қарамай, бір-бірімізге «қыздар» («девички») деп сөйлейтінбіз) бірі бола қалғанда, соған арнап сыйлық (подарок) таңдау қажет болса, Ләкен мен Жекене (Женьяға) міндет артатынбыз, өйткені екеуінің де «вкустары» ғаламат болатын, өзгелерді қуанта білетін ықыластары қандай еді!

Әр кез дастарқандас болып жүріп тағы бір түйгенім – жоғарыда аттары аталған әйелдердің барлығы да білімді ғалым, талант иелері болуларымен қатар, адам қызығарлық ошақ басының құты – «хозяйка», өнегелі ұлдар мен тәрбиелі қыздар өсірген аяна, жолдасы – ер азаматтың қараша басын хан тұтқан жар болды дегенді кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, мақтана айтар едім! Біз өсек-аян айтуды, айналамызбен шатасып ұрысып-керісіп жүруді, арақ-шарап ішіп «настроение көтеруді» білмей өттік. Не бір қызды-қызды өтіп жататын той-томалақтардағы, қонақтықтардағы дастарқан

басында осынау бір топ әйел достардың не ақ арақ, не коньяк ішкенін көргенім жоқ. Мұны да темекі тартып, коньяк, виски ішіп жүретін «еркін қылықты» бүгінгі кейбір әйелдерге өнеге ретінде айта жүрер ем. Бұрқыратып шылым шекпей, еркектермен соғыстырып арақ ішпей өткен біз ешкімнен қор, кем болғанымыз жоқ. Үлкендердің де, замандас-тұрғыластардың да, кейінгі ұрпақ бала-шағаларымыздың да алдында ешбір қызармайтын болып ғұмыр кешіп келеміз. Осындай біздің ішіміздегі арамыздан бұрынырақ кеткен Евгения Лизунова мен Ләйла Әуезованың орындары айрықша еді. Олар адамға тән көптеген мінез-құлықтардың үлгісі, эталон болып өтті.

Ләйла Әуезоваға деген менің айрықша ықыласым, бір жағынан, оның туған әкесі, біздің рухани әкеміз, халқымыздың ұлттық санасының тірегі, әдебиетіміз бен ғылымымыздың асқар биігі Мұхтар Әуезовке деген шексіз табынудың әсерінен де болатын.

Мектеп оқулықтарына енген әңгіме-повестерін оқып сусындағанымызды былай қойғанда, 1942 жылы «Абай» атты кітапты балғын жас кезімізде оқып, қиялымызға қанат

Абайдың бүгінгі жазба әдеби тіліміздің даму барысындағы орны мен қызметін зерттей түсуге, бүкіл шығармашылығының тіл байлығын, поэзиясының көркемдік өрнегін, өлендерінің архитектуроникасын тереңірек зерделеуіме алып келді. Мұханның киелі сөзі (ақылы), құтты қолы ғылымдық жолымды ашты. Сөйткен ұстаздың туған қызының есімі маған ыстық болмағанда ше!

Ләйла Мұхтарқызы замандастарына, айналасына ұмытылмас бейнесін қалдырды деп ойлаймын: адамдық қасиеті, ғалымдық таланты, аналық тәрбиесі, құрбылық адал достығы – баршасы қызың болса, осындай болсын, жарың, анаң, туысың, жолдас-подруган болса, осындай-ақ болсын! – деп, ағымыздан жарыла айтатын жан еді.

Қайтелік, арамыздан ерте кетті, еңіретіп кетті, есімізде көзіміз жұмылғанша сақтап жүретін, кейінгі ұрпаққа жыр етіп айта жүретін есімін қалдырды. Әлі талай естеліктер жазылар, мұрасы сөз болар, ғылыми еңбегі талданар – осылардың барлығында Ләйла Мұхтарқызы Әуезова деген қасиетті есім биіктен көріне беретініне иманым кәміл.



бітірген, арманымызды асқақтата түскен шығарманың авторы мен үшін (тек мен емес, мыңдаған өзгелер үшін де) көз жетпес заңғар биіктіктің символы болатын. Сол биік тұлғаны 1945 жылдан бастап жүзін көріп, ләбізін тындап, кейінірек, тіпті, бір институтта қызметтес болған біздерге өзгелердің сол тұста да, бүгіндері де «бұлардың не арманы бар екен?» деп қызыға да, қызғана да қарайтынын сеземіз. Оның үстіне ұлы Мұхаң – менің үлкен ғылымға жол сілтеген ұстазым: «Абай қара сөздерінің морфологиялық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертация тақырыбын өзге емес, Мұхаң ұсынған еді, сол бастама ұлы

**Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**  
ҚР Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты, филология ғылымының  
докторы, профессор

### ҚАЗАҚТЫҢ ИНАБАТТЫ ҚЫЗЫ ЕДІ

Ләйла Мұхтарқызы Әуезовамен менің алғашқы таныстығым 1965 жылы 12 қаңтар күні «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деген тақырыпта Абай атындағы ҚазПИ-дің Ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертациямды қорғау үстінде сырттай басталған еді.

Диссертацияның тақырыбы әдеби жұртшылық ортасында әркілі пікір тудырып, ойбай не





# НЕТ АЭС В КАЗАХСТАНЕ! НЕОБХОДИМ ЗАКОН О ЗАПРЕТЕ АЭС

